# "Шаруашылық Басқармасы" жабық акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 қазан N 1597

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 маусымдағы Z980281_ Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің " Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Z952335_ заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шаруашылық Басқармасы" жабық акционерлік қоғамының оған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің баспаханасы - еншілес кәсіпорнын қосу арқылы қайта ұйымдастырылуына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім

бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 26 қазандағы
N 1597 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің
тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Өндірістік-пайдалану бірлестігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 карашадағы N 1545 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Өндірістік-пайдалану бірлестігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 672 P960672_ қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 828 P960828_ қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігінің баспаханасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1327 P961327_ қаулысы.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы

N 170

P970170_

қаулысына 3-қосымшаның 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 6, 46-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1545 және 1996 жылғы 3 маусымдағы N 672

P960672_

қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 шілдедегі N 1090

P971090_

қаулысы.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК